|------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--|
|                        |                                                                                                                                                                                                                                                                        | <p>бойынша табиғат құбылысын шеше білу (жарқырайды, аспан, бұлыңғыр найзағай ойнайды). Балалардың еркін ойыны. Балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету.</p> <p><b>Еңбек әрекеті:</b><br/> <b>ағаштан түскен қураған ұсақ бұтақтарды жинақтау.</b><br/>         Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа, бірлікке баулу.<br/> <b>Балалардың еркін әрекеті.</b></p> |  |  |  |
| <b>Серуеннен оралу</b> | <p>Балалар киімдерін дұрыс шешу, шкафтарға бүктеп қою, қолды жуу әрекеттерін одан әрі қалыптастыру.</p> <p>Таза сумен Арман,<br/>         Беті-қолын жуды.<br/>         Оған қарап Балжан,<br/>         Суға қолын созды.<br/> <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p> |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |  |  |  |
| <b>Түскі ас</b>        | Түскі асқа көңілдерін аудару, тамақтану мәдениетін қалыптастыруға жеке жұмыстар жүргізу.                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |  |  |  |
| <b>Түскі ұйқы</b>      | Тыныш ұйқыға кетуге жағдай жасау.                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |  |  |  |

|                                                                                                                     |                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Біртіндеп ұйқыдан ояту,<br>сауықтыру шаралары                                                                       | Бойымызды жазайық<br>Қолымызды созайық<br>Жаттығулар жасайық<br>Ұйқымызды ашайық!<br>(дене шынықтыру)                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| Бесін ас                                                                                                            | Түскі асқа назар аударту; үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру, тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмыстар. |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| Балалардың дербес әрекеті<br>(аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар) |                                                                                                                                | <p><b>"Қапшықта не бар?"</b><br/>дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың сипап-сезу қабілеттерін дамыту, сөйлеуді дамыту, балалардың сөздік қорын байыту.</p> <p>Құрал-жабдықтар: ойыншықтар.</p> <p>Тәрбиеші балалардың кез-келгенінен көздерін жұмуды немесе жабуды сұрайды және қапшыққа балаларға таныс ойыншық немесе зат салады. Ойыншылар</p> | <p><b>"Не өзгерді?"</b><br/>дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістіктікті бағдарлай алуға үйрету, есте сақтауды, қиялды дамыту.</p> <p>Құрал-жабдықтар: "Үй жануарлары" ойыншықтар жиынтығы.</p> <p>Тәрбиеші ойыншықтарды үстелге қояды, балаларға оларға мұқият қарауды талап етеді. Балалар олардың орналасуын</p> | <p><b>"Қуыршақты серуенге даярлайық"</b><br/>дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың киім-кешек және киіну тәртібі туралы білімдерін бекіту және нақтылау.</p> <p>Сөздік қорларын байыту және толықтыру.</p> <p><b>Үстел үсті ойындары:</b><br/><b>"Басқатырғыш",</b><br/><b>"Құрастырғыш".</b></p> <p>Мақсаты: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын</p> | <p><b>Дамытушы ойын.</b><br/><b>"Не істегенімізді айтпаймыз, істегенімізді жасаймыз".</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың логикасын, ойлауын, қиялын дамыту.</p> <p>Жүргізуші.</p> <p>1- нұсқа. Тәрбиеші жұмбақты ым-ишара арқылы көрсетеді.</p> <p>Балалар жануарларды немесе заттарды көрсетеді.</p> <p>2-нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды көрсетеді. Басқа балалар сол</p> |



|  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
|--|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  |  | <p>тәрбиешінің не салғанын көреді, бірақ үндемеуі керек. Олар көзі жұмулы досына жасырынған затты сипаттап берулері тиіс. Бала қолын қапшыққа салып, ойыншықты сипап, оны табуы қажет. Егер ойыншық дұрыс аталса, бала оны өзіне алады, егер жоқ болса, оны қалдырады. Басқа балалар кезекпен ойнайды.</p> <p><b>"Бауырсақ" ертегісі.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: ертегі мазмұның балалардың естеріне түсіріп, сұрақтарға толық жауап берулерін қадағалау. Тіл байлықтарын дамыту. Артистік</p> | <p>есте сақтайды. Тәрбиеші сұрайды балалардан көздерін жұмып, артқа қарауларын сұрайды. Сол кезде тәрбиеші бір ойыншықты алып тастайды. Балаларға сұрақ қояды. Қандай өзгерісті байқап тұрсындар деп?». Балалар жауап береді. Ойын ары-қарай жалғаса береді.</p> <p><b>Үстел үсті театры "Бауырсақ" ертегісі.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ертегіні мұқият тындауға және көруге, кейіпкерлердің жақсы қасиеттерін көруге, ертегілерге деген сүйіспеншілікті арттыру.</p> | <p>дамыту.</p> <p><b>"Айырмашылықты тап" дамытушы ойыны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: ұқсас жұп заттарды, суреттерді салыстырып, олардағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табу қабілеттерін, қабылдау, зейін қабілеттерін дамыту.</p> <p>Барысы.</p> <p>Салыстыруға бірінші зат немесе сурет балаларға біраз уақыт көрсетеді. Содан кейін екінші зат не суретке көңіл аударылады. Басты міндет - заттардың не суреттердің несімен ұқсамайтынын айту.</p> | <p>қимылдарды қайталайды. 3-нұсқа. Ортада тұрған бала бір қимыл көрсетеді. Ал басқалары сол қимылдың не екенін табу керек.</p> <p><b>"Жидек тереміз" рөлдік ойыны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды жидекке шығу, шөп, бұта арасынан іздеу, теру, себепке салу әрекеттеріне машықтандыру; жидекті теру үшін еңбек керектігін түсіндіру; коммуникативті қабілеттерді дамыту.</p> <p>Құралдары: себеттер, жидектердің нақпіншіндері. Ойын аула жағдайында ұйымдастырылса,</p> |
|--|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |  |  |                                                                                                                                                                    |
|--|--|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  |  | <p>өнерге<br/>машықтандыру,<br/>дауыс ырғағын<br/>өзгерте отырып,<br/>кейіпкерлердің<br/>дауысына сала білуге<br/>үйрету.</p> <p>Ойын барысы:<br/>Автор: Ерте-ерте-<br/>ертеде шал мен<br/>кемпір тұрыпты. Бір<br/>күні шал кемпіріне<br/>айтады.</p> <p>Шал (1-бала):<br/>Кемпір-ау, маған<br/>бауырсақ пісіріп<br/>берші.</p> <p>Кемпір(2-бала):<br/>Неден пісірейін? Үн<br/>жоқ қой.</p> <p>Шал: Әй, кемпір,<br/>қойманың түбін<br/>қырып көрсең. Бір<br/>бауырсақ пісіретін үн<br/>табылар.</p> <p>Автор: Кемпір солай<br/>істеді. Қойма түбін<br/>қырып-қырып екі</p> |  |  | <p>алдын-ала шығып,<br/>бұтақтарға жұмсақ<br/>қызыл түсті қағаздан<br/>шиыршықтарды<br/>(жидектерді)<br/>жапсырып, шөп<br/>арасына шашыратып<br/>қоюға болады.</p> |
|--|--|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |  |  |  |
|--|--|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--|
|  |  | <p>уыс ұн табады да.<br/> Қаймақ қосып, қамыр<br/> илейді. Бауырсақты<br/> майға пісіріп, терезе<br/> алдына суытуға<br/> қояды. Жата-жата<br/> жалыққан бауырсақ<br/> терезе алдынан<br/> домалап түсіп, жолға<br/> шығып, домалап<br/> кетеді. Жолда<br/> домалап келе жатса,<br/> алдынан қоян<br/> шығады.</p> <p>Қоян (3-бала):<br/> Бауырсақ! Бауырсақ!<br/> Мен сені жеп<br/> қоямын!</p> <p>Бауырсақ (4-бала):<br/> Жоқ, сен мені жеме,<br/> қоян, мен өлең айтып<br/> беремін, тыңдап<br/> көрші.</p> <p>Әже қойма қырнаған,<br/> Екі уыс ұн жинаған,<br/> Қаймаққа илеген,<br/> Майға пісірген,<br/> Терезе алдына</p> |  |  |  |
|--|--|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--|

|  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |  |  |  |
|--|--|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--|
|  |  | <p>суытқан,<br/>Бауырсақпын<br/>домалақ!<br/>Атадан кеттім,<br/>Әжеден кеттім,<br/>Қоян сенен де<br/>кетемін!</p> <p>Автор: Бауырсақ алға<br/>қарай домалап кетеді,<br/>қоян қалып қояды.</p> <p>Бауырсақ орман<br/>ішінен домалап келе<br/>жатқанда, алдынан<br/>қасқыр шығады.</p> <p>Қасқыр (5-бала):<br/>Бауырсақ! Бауырсақ!<br/>Мен сені жеп<br/>қоямын!</p> <p>Бауырсақ: Жоқ, сен<br/>мені жеме, мен өлең<br/>айтып беремін,<br/>тыңдап көрші.</p> <p>Бауырсақтың әні.</p> <p>Автор: Бауырсақ<br/>домалап кетеді.</p> <p>Қарсы алдынан<br/>қорбандап аю<br/>шығады.</p> |  |  |  |
|--|--|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--|

|  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |  |  |  |
|--|--|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--|
|  |  | <p>Аю(6-бала): Әй,<br/>бауырсақ! Мен сені<br/>жеп қоямын!</p> <p>Бауырсақ: Жоқ, сен<br/>мені жеме, мен өлең<br/>айтып беремін,<br/>тыңдап көрші.</p> <p>Бауырсақтың әні.</p> <p>Автор: Бауырсақ<br/>домалап кетеді, аю<br/>қалып қояды.</p> <p>Бауырсақ зымырап<br/>келе жатса,<br/>алдынан түлкі шыға<br/>келеді.</p> <p>Түлкі (7-бала):<br/>Амансың ба,<br/>бауырсақ!</p> <p>Көргендерге<br/>ұнайсың, қандай<br/>әдемісін!</p> <p>Автор: Бауырсақ<br/>қуанып, өлеңін айта<br/>бастайды. Түлкі<br/>болса тыңдаған<br/>болып,<br/>білдірмей<br/>бауырсаққа</p> |  |  |  |
|--|--|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--|

|  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |  |  |  |
|--|--|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--|
|  |  | <p>жақындап отырады.</p> <p>Бауырсақ: Әже қойма қырнаған,</p> <p>Екі уыс ұн жинаған,</p> <p>Қаймаққа илеген,</p> <p>Майға пісірген,</p> <p>Терезе алдына суытқан,</p> <p>Бауырсақпын домалақ!</p> <p>Атадан кеттім,</p> <p>Әжеден кеттім,</p> <p>Қоян сенен де кетемін!</p> <p>Түлкі: Әдемі өлең екен! Айналайын,</p> <p>бауырсақ, мен қартайдым, құлағым естімейді ғой. Кәне, менің тұмсығыма отырып, өлеңді тағы бір айтып берші.</p> <p>Автор: Бауырсақ мақтағанға мәз болып, түлкінің тұмсығына шығып, өлеңін айта бастағанда, түлкі</p> |  |  |  |
|--|--|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--|

|                              |                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
|------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                              |                                                                                                     | бауырсақты «ап!» деп жеп қояды.                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| <b>Балалармен жеке жұмыс</b> |                                                                                                     | <p><b>Көркем сөзді жаттау жаттығуы.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: тапқақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.</p> <p>"Қарақат".</p> <p>Қап-қара бір тамшыдай,</p> <p>Теріп жедік қарақат.</p> <p>Таңдайымыз қаңсымай</p> <p>Шөл қандырдық, рақат!</p> <p>Т. Жүребаев.</p> | <p><b>"Пішіні бойынша таңда" (топпен жұмыс).</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту, заттардың пішінін дұрыс атауға дағдыландыру.</p> | <p><b>"Жұмбақтар шешу" кешін ұйымдастыру.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды дамыту, халық ауыз шығармашылығына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.</p> | <p><b>"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар. Бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары.</p> <p>"Жаз"</p> <p>тақырыбындағы сюжеттік суреттерді карау.</p> |
| <b>Серуенге дайындық</b>     | Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын құралдарын алу, балалармен қауіпсіздік |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |

|        |                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
